

3 Мемлекет қолдауы  
серпін берген  
Сырдария



8 Еңбегі адал,  
есімі аңыз



# Сыр бойы

№77-78 (21152-21153) 30 мамыр, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboy.kz

www.instagram.com/syrboy\_kz

t.me/syrboy\_kz

twitter.com/syrboyi

## /// ПРЕЗИДЕНТ



## ЖАҢА БЕЛЕС СОНЫ СЕРПІЛІСКЕ НЕГІЗ ҚАЛАЙДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің кеңейтілген құрамдағы кезекті отырысы өтіп, Астанадағы іс-шараларға қатысқаны үшін ЕАЭО-ға мүше елдердің және байқаушы мемлекеттердің басшыларына, сондай-ақ арнайы шақырылған қонақтарға алғыс айтты.

– Бүгінгі кездесуіміз ерекше мәнге ие. 2014 жылы дәл осы күні Бірлестігіміздің негізін қалаған Шартқа қол қойылды. Жоғары кеңестің шешімімен 29 мамыр – Еуразиялық экономикалық одақ күні болып ресми түрде жарияланды. Бірлестігіміздің он жылдан астам тарихы бар. Осы уақыт ішінде экономикалық интеграцияны тереңдету бойынша ауқымды жұмыс атқарылды. Атап өтерлік жайт, бұл күндері Астанада Жоғары кеңестің отырысымен қатар, Еуразиялық экономикалық форум өтіп жатыр. Форум қорытындысы сан қырлы іскерлік серіктестігімізге тың серпін беретініне сенімдімін, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Еуразиялық экономикалық одақ макроэкономикалық дамуындағы динамикасын сақтап отырғанына тоқталды.

– Болжамға сай, 2026-2027 жылдары ЕАЭО елдерінің жиынтық ішкі жалпы өнім өсімі 2,5 пайызға жуықтауға тиіс. Жаһандық нарықтағы тұрақсыздыққа қарамастан, былтыр елдеріміз арасындағы тауар айналымы

95 миллиард доллардан асты. Биыл өзара сауда-саттық көлемі 6 пайызға ұлғаяды деп күтіп отырмыз. Бұл 100 миллиард долларлық межені енсеруге мүмкіндік береді. Дегенмен халықаралық ұйымдардың жаһандық нарықтағы жағдайға берген бағасы көңіл көншітпейді. Халықаралық валюта қорының баяндамасына сәйкес, биыл әлем экономикасы 3 пайызға дейін баяулайтыны жөнінде айтылып жүр. Әрине, дүние жүзіндегі құрылымдық өзгерістер ЕАЭО-ның экономикалық дамуына да әсер етпей қоймайды. Қазіргі сәтте Бірлестігімізді жаңа жағдайларға бейімдеу, ішкі орнықтылықты нығайту және бәсекеге қабілеттілікті арттыру өте өзекті міндет болып тұр, – деді Мемлекет басшысы.

Жоғары кеңестің төрағасы ретінде Қазақстан Президенті интеграциялық құрылымды одан әрі қарқынды дамытуды көздейтін бірқатар стратегиялық басымдықты атады. Сонымен қатар еліміздің ұсынғандарына қолдау көрсеткені үшін әріптестеріне алғыс айтты.

– Жасанды интеллектіні жауап-

кершілікпен дамыту жөніндегі бірлескен мәлімдемені қабылдау мақсатымыздың ортақ екенін көрсеткен маңызды шешім болды. Осы саладағы белсенді ықпалдастыққа үміт артамын. Күш-жігерімізді келесі басым бағыттарға жұмылдырудың мәні зор деп санаймын.

Бірінші. Еуразиялық интеграцияның цифрлық негізін нығайту. Цифрландыру мен жасанды интеллект арқылы жаңа технологиялық жүйе қалыптастыру кезінде деректерді жедел өңдеу, автоматтандыру және инновацияны жаппай енгізу табыстың негізгі факторына айнала бастады. Сарапшылардың пайымына сүйенсек, әлемде жасанды интеллект технологияларына құйған қаржы көлемі 1 триллион долларлық межеден асты. Алдағы онжылдықта оның жаһандық экономикадағы жиынтық үлесі бірнеше есе көбейіп, 7 триллион долларға жетуі мүмкін. Озық технологиялар еуразиялық интеграцияның қуатты катализаторына айналуы керек. Бұл қазірдің өзінде жүзеге аса бастады.

2-бет

## /// ӨРКЕН

## БІР КҮНДЕ ЕКІ ЗАУЫТТЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Қызылордада бір күнде екі зауыттың іргетасы қаланып, капсуласы салынды. Біріншісі – әлемге танымал испандық «Rosa Group» компаниясының санитарлық-техникалық жабдықтар зауыты.

Алдымен ғасырдан астам тарихы бар компания туралы таныстырылым өтті. Онда тарихы, жеткен жетістігі қамтылды.

«Rosa Group» жүз жылдан астам уақыттан бері, сантехникалық жабдықтар өндіреді, саладағы әлемдік көшбасшылардың бірі. Компания әлем бойынша 78 өндірістік алаңды басқарады. Онда 20 мыңнан астам адам еңбек етеді. Өнімдері 170-тен астам елге экспортталады. Енді сол ірі өндірістің бірі Сыр өңірінде бой көтермек.

Шараға облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, «Rosa Group» компаниясының бас директоры Даниэль Хурадо Эрнандес, Испания елшілігінің сауда-экономикалық кеңесшісі Хесус Видаль Боррелья, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, құрылыс компанияларының директорлары, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.

Жиында облыс әкімі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың инвестиция тарту және заманауи өндірісті дамыту жөніндегі тапсырмасына тоқталып, өңірде қолайлы инвестициялық ахуал қалыптасқанын атап өтті.

– Мемлекет басшысы «Жаңа инвестициялар ең алдымен еліміздегі заманауи өнеркәсіптің негізін қалыптастыруға бағытталуы керек» деген болатын. Кейінгі жылдары өңіріміздің инвестициялық әлеуеті артып, ірі жобалар табысты жүзеге асуда. Аймақ экономикасына 2,3 трлн теңгеден астам инвестиция тартылды. Алдағы үш жылда 1,9 трлн теңгеге 48 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Нәтижесінде 10 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады.



2-бет

## /// ӘРІПТЕСТІК

## СЕРІКТЕСТІК ОРНАТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімдігінде өткен мәжілісте «Rosa Group» компаниясымен серіктестік орнату мәселелері талқыланды. «Rosa Group» компаниясының бас директоры Даниэль Хурадо Эрнандес, облыстық құрылысшылар қауымдастығының төрағасы Манарбек Еспенбетов пен құрылыс компанияларының басшылары әріптестік байланыс орнатудың маңызына тоқталды.

Жиында облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев инвестициялық әлеуетті арттыру және шикізат өндірісін дамытуда алдағы міндеттерді атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы елімізде жаңа инвестициялық кезеңді бастауды, әсіресе заманауи өндірістерашуды тапсырғаны белгілі. Осының айқын көрінісі ретінде бүгін аймағымыз үшін маңызды жоба – «Rosa Group» компаниясының заманауи санитарлық-техникалық бұйымдар шығару зауытының іргетасын қаладық.

Компания 170 елде орналасқан 78 өндірістік алаңды басқарады, өнімдерінің жоғары сапасымен, инновацияларымен және еуропалық стандарттарға сәйкестігімен танымал.

Зауыт құрылысының басталуы – Қызылорда облысының өндірістік әлеуетін арттырып қана қоймай, аймаққа жаңа технологиялар мен халықаралық тәжірибені алып келетін маңызды қадам. Қазіргі уақытта мемлекеттік қолдау ретінде 24 гектар жер телімі бөлінді. Компания жыл соңына дейін смесительдер мен инсталляциялық жүйелерді құрастыратын өндірісті іске қосады, – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Мәжілісте «Rosa Group» компаниясының өкілдері жұмыстарын таныстырып, Қызылорда облысының құрылысшылар қауымдастығы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

«СБ» ақпарат

## /// ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

## ЖАРҚЫН МҮМКІНДІКТЕР КЕЗЕҢІ

Жазғы демалыс – мектепте оқитын ұл-қыздар да, олардың ата-аналары мен мұғалімдері де асыға күтетін, сабақ артта қалып, арқаны кеңге салатын кезең. Дегенмен, оны қалай тиімді ұйымдастыруға болатыны кім-кімді де ойландырмай қоймайды. Сырбойлық балғындардың үш ай каникулын барынша қызықты етіп өткізу мәселесі облыстық деңгейде жолға қойылған.

Биыл өңірімізде 1-10 сынып аралығындағы 179 мыңға жуық оқушының 99,1 пайызы, яғни 177 мыңнан астамы жазғы тынығу лагерлерінде демалады. Облыстық білім басқармасынан мәлім болғандай, аймақта 9 лагер бар, соның 3-і, яғни «Камбаш», «Талдысу», «AI-Kerim» лагерлері жыл бойы қызмет көрсетеді.

3-бет



## /// БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

## «AI-KERIM» БАЛАЛАР АРМАНЫНА ЖОЛ АШТЫ

Жуырда ашылған «AI-KERIM» оқу-сауықтыру орталығы – өскелең ұрпақтың сапалы білім алып, жан-жақты дамуына бағытталған заманауи жобалардың бірі. Мемлекет басшысының қолдауымен салынған бұл орталық балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастырып қана қоймай, олардың ғылымға, технологияға, шығармашылық пен инженерияға деген қызығушылығын арттырады.

Орталықтың ашылуына ең бірінші қуанған ата-аналар болды. Себебі бұған дейін Қызылордада дәл осындай ауқымды, технологиялық және көпфункционалды балалар лагері болмаған еді. Енді алыс аймақтарға бармай-ақ, туған өлкеде жақсы демалып, жаңа білім мен тәжірибе жинай алады. М.Сужиков атындағы №6 орта мектептің ата-анасы Гүлмира Бекжанова әсерін бөлісті:

– «AI-KERIM» оқу-сауықтыру орталығының Қызылордада ашылуы – ата-

аналар үшін үлкен қуаныш. Бұрын-соңды қаламызда дәл осындай заманауи демалыс орны болмаған еді. Енді балаларымыз алысқа бармай-ақ, қаламызда жақсы демалып, пайдалы білім алып, уақытын қызықты әрі тиімді өткізеді. Осындай керемет мүмкіндікті жасап, балалардың болашағына ерекше көңіл бөліп жатқан ел ағаларына ата-ана ретінде шынайы алғысымды білдіремін. Бұл – өскелең ұрпаққа жасалған үлкен қамқорлық пен жарқын болашаққа маңызды қадам деп білемін, – дейді ол.



2-бет

Валюта бағамы \$ 485,55 kzt

€ 563,38 kzt

₸ 6,81 kzt

Ауа райы:

Сенбі

+32°

+20°

Жексенбі

+34°

+22°

## ЖАҢА БЕЛЕС СОНЫ СЕРПІЛІСКЕ НЕГІЗ ҚАЛАЙДЫ

ЕАЭО кеңістігінде осы бағыттағы жұмыс дәйекті түрде жалғасып келеді деп нық сеніммен айтуға болады. Трансформация өндіріс және логистикадан бастап, ауыл шаруашылығы мен мемлекеттік басқаруға дейінгі барлық саланы қамтиды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстан жасанды интеллектінің өлшеу бойынша бірқатар жүйелі шараны қолға алғанын айтты. Еуразия кеңістігіндегі көлік дәліздерін цифрландыруда тағы бір басымдық ретінде атады. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердегі өндіріс ошақтары мен агроөнеркәсіп кешенін цифрлық трансформациялаудың маңызына назар аударды.

Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығын цифрландыру тәжірибесін кеңінен тарату қажет деп санайды.

– Жаһандық азық-түлік нарығындағы ЕАЭО позициясын нығайтатын жоғары технологиялық бастамаларды қолдауға күш салуға болады. Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа агроөнеркәсіп кешеніндегі кооперациялық жобаларды қаржыландыру бойынша түзетулер енгізіліп, қабылданды. Бұл – осы жолдағы маңызды қадамның бірі. Мұндай технологиялық бастамаларды қаржыландыру көлемін ұлғайту үшін Еуразия даму банкінің мүмкіндіктерін пайдаланған жөн. Құрылғаннан бергі жиырма жыл ішінде аталған қаржы институты еуразиялық интеграцияның тиімді әрі сұранысқа ие құралы екенін дәлелдеді. Біз шағын құрамдағы кәсіпкерлерді қолдауға маңызды рөлді ойнайтын ЕАЭО-ның сыртқы сауда-экономикалық әлеуетін іске асырудың маңызын айтты. Мемлекет басшысының пікірінше, Одақтың Араб әлемі, Оңтүстік-Шығыс Азия, Африка және Латын Америкасы елдерімен, сондай-ақ беделді өңірлік экономикалық бірлестіктермен байланыстарын одан әрі кеңейту қажет.

– Қазір Үндістанмен еркін сауда аймағын құру жөнінде келіссөздер белсенді жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыс басқа да қызмет бағыттары сияқты назар аударуға лайық. Менің ойымша, шағын құрамдағы кездесуде Беларусь Президенті өте дұрыс ұсыныс айтты. Еркін сауда аймағын құратын серіктестер де, сондай-ақ байқаушы мәртебесіне ие болатын елдер де мұқият тандаулы қажет. Яғни бәрін бірдей емес, шын мәнінде белгілі бір талаптарға сай келетін және Еуразиялық экономикалық одаққа пайда әкелетін елдерді қабылдау керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Қазақстан ЕАЭО органдарына төрағалығы аясында мүше мемлекеттердің ортақ экономикалық әлеуетін нығайтуға, орнықты дамуын қамтамасыз етуге алдағы уақытта да барынша жәрдемдесе беретінін мәлімдеді.

– Біз бірлесіп күш жұмылдыра отырып, маңызды нәтижеге қол жеткізе аламыз және Одақ аясындағы ынтымақтастықты жаңа әрі сапалы деңгейге шығарамыз. Мен бұған кәміл сенемін. Былтыр ЕАЭО қызметінің стратегиялық бағыттарын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын табысты аяқтадық. Алдымызда Еуразиялық интеграцияны одан әрі дамыту туралы декларацияда қарастырылған көптеген міндет тұр. Сөз соңында алға қойған мақсаттарға жету жолында баршаңызға табыс тілеймін, – деді Қазақстан Президенті.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің кеңейтілген құрамдағы отырысында Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенко, Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Армения Республикасының Вице-премьері Мгер Григорян, Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев, Куба Республикасының Вице-президенті Сальвадор Вальдес Меса, Иран Ислам Республикасының өнеркәсіп, кеніштер және сауда министрі Сейед Мохаммад Атабақ және Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Бақытжан Сағынтаев сөз сөйлесі.

1-бет

## БІР КҮНДЕ ЕКІ ЗАУЫТТЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Бүгін біз еліміз үшін маңызды, жоғары технологиялық өндіріс орнын қапсуласын салу рәсімінің куәсі болып отырмыз. Осындай ауқымды жобаны Сыр өңірінде жүзеге асырғаны үшін испандық «Rosa Group» компаниясына ризашылығымыз білдіреміз. Бұл бастама өңір экономикасына жаңа серпін беріп, экспорттық әлеуетті арттыруға және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Біз отандық және шетелдік инвесторлармен әрдайым ашық әрі сенімді қарым-қатынас орнатып, нәтижелі жұмыс істеуге дайынбыз, – деді Мұрат Нұрбайұлы.

«Rosa Group» компаниясының бас директоры Даниэль Хурадо Эрнандес жобаның басталғанына екі жылдай уақыт болғанын айтты.

– Компания Барселона қаласында орналасқан. Қызылорда өңірі зауыт салуға қолайлы. Себебі экспорттауға тиімді әрі шикізат мол. Жоба алты кезеңнен тұрады. Оған 70 миллион еуро инвестиция салып жатырмыз. Бұдан бөлек, жастар жұмысқа тартылады. Биыл зауыт құрылысы басталады. Ең алдымен жұмысшыларды сынақ мерзімінен өткізіп оқытамыз. Қажетті құралдарды өңірден, болмаса басқа облыстардан, Орталық Азиядан аламыз, – дейді ол.

Жиньда облыс прокуроры Ризабек Ожаров сөз сөйлеп, ел ағасы Ибрагим Әбibuллаев ақ батасын берді.

Бұған дейін облыс әкімі компанияның бас директорымен кездесіп, онда өңірдің инвестициялық әлеуеті, өндіріс орындарын дамытуда атқарылып жатқан жұмыстар, алда жүзеге асатын жобалар туралы айтылған болатын.

Бұл жоба «KAZAKH INVEST» ҰК» АҚ қолдауымен жүзеге асырылуда. «Rosa Group» компаниясымен ынтымақтастық 2024 жылдың желтоқсан айында сол кездегі аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың Испанияға жұмыс сапары барысында басталды. Былтыр маусым айында Премьер-министр Олжас Бектенов «Rosa Group» директорлар кеңесінің төрағасы Сантьяго де Гомар Рокамен кездесіп, Қызылорда облысында сантехникалық зауыт салу жобасын жүзеге асыру, инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі нығайту перспективаларын талқылаған болатын.

Кездесуде ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі, Қызылорда

1-бет

## ӨНДІРІСТІК КЕШЕН ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Өңірде жаңа өндірістік кешен іске қосылды. Енді «Марал Нұр» ЖШС жолаушы вагондарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету кешені жұмыс істейді. Бұл – Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған міндеттерге сәйкес, тұрақты әрі болжамды инвестициялық орта қалыптастыру бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстың бір айғағы. Кешеннің іске қосылу рәсіміне облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев қатысып, машина жасау саласына ерекше көңіл бөлініп отырғанын жеткізді.

Кейінгі жылдары өңірде машина жасау саласы қарқынды дамып келеді. Жыл басынан бері 7,9 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өсім 4,7 пайыз болған.

Өңірдің географиялық жағынан тиімді орналасуы да көлік-логистикалық әлеуетті арттыруға мүмкіндік беріп отыр. Атап айтқанда, Қызылорда облысы халықаралық маңызы бар «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізінің бойында орналасқан. Облыс аумағынан 1 мың шақырымнан асатын магистральдық теміржол желісі өтеді. Жыл басынан бері 400 мыңнан астам жолаушы және 6 млн тоннадан астам жүк тасымалданған.

Жаңа кешен жылына 600-ден астам вагонға техникалық қызмет көрсетеді, 100 жаңа жұмыс орны ашылады.

Облыс әкімі шетелдік серіктестерге, соның ішінде Қытай Халық Республикасынан келген инвесторларға көрсетілген сенім мен ынты-



мақтастық үшін алғыс білдірді. Отандық және шетелдік инвесторлармен ашық, тиімді әріптестікті одан әрі дамытуға дайын екенін атап өтті.

Жиньда жобаны жүзеге асыруға үлес қосқан азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Облыс прокуроры Ризабек Ожаров, «Марал Нұр» ЖШС құрылтайшысы Мұрат Нұрсайытов сөз сөйлеп, ел ағасы Айтбай Көшербаев ақ батасын берді.

Айта кетейік, өңір экономикасын әртарапандыру және жаңа өндіріс орындарын ашу мақсатында алдағы үш жылға 1,9 трлн теңгенің 48 инвестициялық жобасы жоспарланып отыр. Бұл жобалар аясында 10 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады.

Биыл 100 млрд теңгеге 21 инвестициялық жобаны іске қосу көзделсе, алдағы уақытта құны 1 трлн теңгеден асатын 14 ірі жобаның құрылысы қолға алынады.

мамамдарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру көзделген. Компания жыл соңына дейін смесительдер мен инсталляциялық жүйелерді құрастыратын өндіріс орнын іске қосуды жоспарлап отыр. Ал компания өнімдері ұсынылатын шоурумдар Астана және Алматы қалаларында маусым айында ашылады.

Мұнан кейін жиналғандар «Seven Rivers» компаниясы шыны ыдыстар зауытының қапсуласын салу рәсіміне қатысты.

Бұл – өңірдегі шыны кластерін дамытуға бағытталған маңызды өндірістік бастамалардың бірі. Зауыт әлемдік деңгейдегі «Hot» неміс технологиясымен жабдықталып, заманауи әрі экологиялық талаптарға сай өнім шығарады.

Рәсімде облыс әкімі аймақта инвестициялық жобалардың қарқынды жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.

– Өткен аптада Мемлекет басшысының қабылдауында болып, инвестициялық жобаларды таныстырдым. Президентіміз бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастыруға қатысты нақты тапсырмалар жүктетті.

## ЖАҢА НЫСАНДАР САЯБАҚТЫҢ СӘНІНЕ АЙНАЛАДЫ

Бүгінде Қызылорданың қарқынды құрылыс алаңдарының бірі – Президент саябағы. Мұндағы Ботаникалық білім беру орталығының құрылысына 4 млрд 948 млн теңге бөлінген, 2,41 гектар аумақта орналасқан. Орталық табиғат пен ғылымды ұштастыратын, білім беру, ғылыми-зерттеу және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған көпфункционалды кешен болмақ. Мұнда әлемнің әртүрлі өңірлерінің флорасына арналған тақырыптық бақтар, дәріс залдары, демалыс және әкімшілік аймақтар қарастырылған. Нысан маусым айында пайдалануға беріледі.

Ал көпқабатты тұрғын үй кешені – 22 млрд теңгенің жобасы, яғни 8,2 гектар аумақта 15 тұрғын үй салынып, 945 пәтер пайдалануға беріледі. Құрылысты тамыз айында аяқтау жоспарланған. «Қызылорда Арена» көпфункционалды спорт кешені халықаралық талаптарға сәйкес салынуға. Бас мердігер «AS-PAN HOLDING» серіктестігі құрылысына 20 млрд 61 млн теңге қарастырылған нысанды 2,1 гектар аумаққа, 25 540 шаршы метр етіп, 3 және 4 қабатты блоктардан тұрғызуда.

Кешенде бір мезетте 2 552 келушіні қабылдауға болады. Олимпиадалық стандарттарға сәйкес келетін бассейн, 2500 орындық әмбебап спорт залы және спортшыларға арналған жаттығу алаңдары қарастырылған.

Құрылыс былтыр шілде айында басталды, алдағы тамыз айында пайдалануға беру жоспарланған.

Мұнда халықаралық және республикалық жарыстар өткізуге, бұқаралық спортты дамытуға барлық жағдай жасалады.

Құрылыс нысандарындағы жұмыс барысымен танысқан облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев сапаға және жобаны уақытылы аяқтауға баса мән беруді тапсырды.

ЖОБА

## «ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ АУМАҒЫНДА КАРАНТИНДІК РЕЖИМДІ ЕНГІЗЕ ОТЫРЫП, КАРАНТИНДІК АЙМАҚТЫ БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2013 ЖЫЛҒЫ 23 ҚАЗАНДАҒЫ №334 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Қызылорда облысының аумағында карантиндік режимді енгізу отырып, карантиндік аймақты белгілеу туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы 23 қазандағы №334 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 4539 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын: «Өсімдіктер карантині туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабы 3) тармақшасына және «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрілігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесінің ұсынысына сәйкес облыс аумағында таралған карантиндік объектілердің таралу ошақтарын оқшаулау және жою мақсатында Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ»;

2-тармақ жаңа редакцияда жазылсын: «2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрілігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын».

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі М.ЕРГЕШБАЕВ


Айсәуле ҚАРАПАЕВА,  
«Сыр бойы»

Суретті түсірген Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

1-бет

Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері жуырда Сырдария ауданына барып, жаңадан пайдалануға берілген әлеуметтік нысандар, инфрақұрылымдық желілер, өндірістік кәсіпорындар, жүзеге асырылып жатқан ауқымды жобалармен танысты.

# МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАУЫ СЕРПІН БЕРГЕН СЫРДАРИЯ



## АҚЖАРМАҒА ДА ГАЗ ЖЕТЕДІ

Ауданда 1 кент және 13 елді мекен болса, оның 6-уы табиғи газбен қамтылған. Атап айтқанда, Теренөзек кенті мен Қалжан ахун, Сәкен Сейфуллин, Асқар Токмағамбетов, Нағи Ілиясов, Шаған елді мекендерінің тұрғындары от жағып, құл шығарудан құтылды. Биыл бұл тізімді 2800-ге жуық адам тұратын, 500-ден астам үй түтін түтетіп отырған ажарымен айшықты Ақжарма ауылы толықтырмақ. Бүгінгі күні құрылыс жұмысының қарқыны күшейген.

– Ақжарма ауылын газдандыру жобасының келісімшарт құны – 1 млрд 875,7 млн теңге. Жобаға 2025-2026 жылдарға республикалық және облыстық бюджеттен қаржы бөлінген. Қазіргі уақытта мердігер мекеме «Алия Сервис» серіктестігі газ реттегіш пункттерін орнатып жатыр. Тапсырыс беруші – аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі, техникалық қадағалаушы – «Aisag-Group» компаниясы, авторлық қадағалаушы – «Мекен және компания» толық серіктестігі. Бүгінде құрылыс жұмысының 90 пайызы аяқталды. Нысанды алдағы маусым айында пайдалануға беру жоспарланған, – дейді аудан әкімінің орынбасары Роллан Еспенбетов.

Ауданның елді мекендерін газбен қамту көрсеткіші – 42 пайыз. Ал Ақжармаға табиғи отын жеткенде бұл көрсеткіш 50 пайызға дейін өседі. Шіркейлі және Қоғалыкөл ауылдарында да газдандыру жобасы бойынша жұмыс жүріп жатыр.

## САПАЛЫ ЖОЛДАРДЫҢ ҮЛЕСІ АРТТЫ

Одан кейін тілшілер жол сапасын жақсарту бағытында аудан орталығында кезек-кезеңімен жүзеге асырыла бастаған ауқымды жобалар жайына қанықты. Теренөзек кентінде құны 376,8 млн теңге болатын жоба аясында 9 көшеге күрделі жөнделу жүргізілуде. Аталған жобалар бойынша жоба-сметалық құжаттамалар әзірленіп, құрылыс басталды.

– Жалпы ұзындығы 3,8 шақырым жолды 3 ай ішінде аяқтау көзделген. Қазіргі таңда кенттегі Қазақ 1, 2, Наурыз, Жастар, Иманов, Жамбыл және Құндызбаев көшелері тегістеліп, кыршық тас төселіп жатыр. Соның нәтижесінде жол жамылғысы жаңартылып, табаны нығайтылады, сонымен қатар тұрғындар үшін қолайлы әрі қауіпсіз көлік қозғалысы қамтамасыз етілмек. Жөнделу жұмысымен айналысушы – «РиА Сервис ЛТД», ал жоба авторы – «Димаш Сервис», техникалық

қадағалаушы мекеме – «Жаңа ғасыр-К» ЖШС, – дейді Теренөзек кентінің әкімі Нұржан Бисембаев.

Ауданда жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі бүгінгі күні 80 пайыз болса, біз танысқан жөнделу жұмысы аяқталғаннан кейін аталған көрсеткіш 85 пайызға жетпек. Қалған 15 пайызы жаңадан салынған аумақтардың үлесінде. Бұдан ырысты, күршіті Сырдарияда соңғы жылдары құрылыс қарқын алып, кент аясының кеңейіп келе жатқанын аңғару қиын емес.

## КӨЛІК ӨТЕТІН КӨПІР ЖАҒЫРАДЫ

Бүгінгі күні Сырдария ауданының тұсындағы облыстық маңызы бар Қызылорда-Жалағаш автомобиль жолының 47,9 шақырым автомобиль көпірі күрделі жөнделуден өткізілуде.

– Көпірдің ұзындығы – 30,43 метр, бас мердігер мекеме – «Сервис НС» серіктестігі. Жөнделу жұмысына 669 млн 554 мың теңге бөлінген. Жоспарланған жұмыстың 90 пайызы, оның ішінде монолит құю, асфальт жабындысын төсеу аяқталды. Бөлінген қаржының 50 пайызы игерілді. Техникалық қадағалаушы – «Ақмешіт Элит Строй», авторлық қадағалаушы – «КазДорПроект» ЖШС, – дейді аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Мейірхан Бақытжанұлы.

Қазіргі күні мұнда 20-ға жуық адам және барлық қажетті техника жұмылдырылған. Жұмысшылардың алаңсыз еңбек етуі үшін тиісті жағдай жасалған. Олардың басым бөлігі Қызылорда қаласының тұрғындары болғандықтан, уақытылы қатынауы үшін арнайы көлік қарастырылған. Ал Теренөзек кентінің 3 тұрғыны көпір жөнделу ісіне Сырдария аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы тартылған.

Жалағаш, Қармақшы аудандары тұрғындарының облыс орталығына қатынауына мүмкіндік берген, үстінен күнделікті 2 мыңға жуық көлік өтетін көпір 1985 жылы қолданысқа берілген. Содан бері бірінші рет толық жөнделу көріп тұр. Жұмыс жыл басында басталған, маусым айының соңына қарай аяқталады деп күтілуде.

Мамандар аталған жоба көлік қатынасының қауіпсіздігін арттыруға, жол инфрақұрылымының сапасын жақсартуға және тұрғындардың қатынауына қолайлы жағдай жасауға бағытталғанын алға тартты.

## НАННАН БАСТАЛҒАН КӘСІП

Ауданда шағын және орта бизнесті дамыту бағытындағы жұмыстар жүйелі жалғасуда және ол нәтижесіз

емес. Соның бірі – нан және нан өнімдерін өндірумен айналысатын «Ханкелді» жеке кәсіпкерлігі.

– Жоба «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржы ұйымы арқылы 35 млн теңгеге қаржыландырылған. Соның есебінен нысан құрылысын жүргізіп, қажетті құрал-жабдықтар сатып алдық. Бүгінде біз әртүрлі нан өнімдерін өндіріп, тұрғындарды сапалы өніммен қамтамасыз етіп отырмыз. Кәсіпкерлік нысанында 3 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Нан өнімдерін шығарумен қатар, қоғамдық тамақтану орнының жұмысын жүргізіп келеміз, – дейді жеке кәсіпкер Зина Үсенбаева.

Наубайхана ісімен шектелуді жөн көрмеген бизнес иесі Теренөзек кентінің орталығынан «Дәмді үй» деп аталатын шағын ғана кафе ашқан. Кіреберістен-ақ пештен жаңа шығып жатқан нанның иісі тәбетті ашады. Келушілер мұнда түскі ас ішіп, фастфуд, шәй мен кофеге де тапсырыс бере алады.

## «АУЫЛ АМАНАТЫ»: ЖОСПАРДАН НӘТИЖЕГЕ

Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен 2023 жылдан бері «Ауыл аманаты» жобасы жүзеге асырылып келеді. Осы уақыт аралығында

жоба ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтылуы және табысын арттыруға бағытталған бағдарлама екенін дәлелдеді. Осындай кең ауқымды қолдау шараларының нәтижесінде ауылдық жерлерде өндіріс орындары көбейіп келеді. Қалжан ахун елді мекеніндегі құм блогы өндірісі 2023 жылы кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркелген.

– «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында жеңілдетілген шартпен 7,3 млн теңге несие алдық. Бұл бізге құм блоктарын өндіру үшін матрицалар сатып алып, кәсіп бастауға мүмкіндік берді. Жабдықты іске қосқаннан кейін 4 адам жұмысқа тартылды. Цех әртүрлі қоршау материалдарын, тәулігіне 1000 дана құм блогын өндіреді, – дейді цехтың жүк тасушы операторы Талғат Әхметов.

## ӨНДІРІС ӨРГЕ СҮЙРЕЙДІ

Аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Алматы Сәдуақасовтың сөзіне сүйенсек, бизнестің өркендеуіне айрықша көңіл бөлініп, қолдау жасалып отыр.

– Ауданда 2368 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген, онда 4,5 мыңнан астам адам еңбекпен қамтылған. Жыл басынан бері 42 жобаны жүзеге асыру мақсатында жеңілдетілген шартпен несие берілді. Қаржылай қолдау «Кең дала», «Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарламалары аясында Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы мен екінші деңгейлі банктер арқылы бағытталады, – дейді ол.

Бөлім басшысы 2029 жылға дейін құны 1,7 трлн теңге болатын ауқымды 6 жобаны жарыққа шығару жоспарланып отырғанын атап өтті. Оның қатарында тауарлы сүт фермасы мен қуаттылығы 1100 МВт болатын бу-газ

электр станциясы жобалары бар. Сүт фермасын 2027 жылы іске қосу жоспарланған. Ал «Қызылорда Энерджи» ЖШС ұсынған станция үшін аумағы 250 гектар жер телімі белгіленді. Нысан құрылысы биыл басталып, 2029 жылы қолданысқа берілімек.

Ауыл шаруашылығы саласын жаңа деңгейге көтеретін келесі жоба – жүгеріні терең өңдеу зауыты. Бұл бастама агроөнеркәсіпті тек шикізат өндірумен шектемей, қосылған құн қалыптастыруға мүмкіндік береді. Зауыт іске қосылған жағдайда 500 жаңа жұмыс орны ашылып, ауылдық жерлердегі әлеуметтік тұрақтылыққа оң әсер етпек.

Болашағы зор жобалардың тағы бірі ретінде «Kuzylorda Septem Energy Ltd.» серіктестігінің сұйытылған табиғи газды өңдеу жобасын айтуға толық негіз бар. Жобаны жүзеге асыру үшін Қытайдан инвестиция тартылады. Одан бөлек алкогольсіз сусын, құс фермасы өндірістері де аудан экономикасына серпін бермек.

– Біз кәсіпкерлерді барынша жан-жақты қолдауға тырысамыз. Бизнесін сәтті жүргізіп келе жатқан кәсіпкерлік нысандары аз емес. Дегенмен, аудан орталығында тойхананың қажеттілігі айқын сезіледі. Жергілікті тұрғындар қуанышын кең көлемде атап өту үшін өзге облыс орталығына немесе Жалағаш кентіне баруға мәжбүр, – дейді Алматы Сәдуақасов.

Назерке САНИЯЗОВА,  
«Сыр бойы»



# ЖАРҚЫН МҮМКІНДІКТЕР КЕЗЕҢІ

– Маусымдық демалыс орындарында 7 ауысым бойынша 4 мыңнан астам, ал жыл бойғы лагерлерде 11,5 мыңға жуық бала қамтылады. 265 мектептің жанынан тынығу лагері ұйымдастырылады. Оған 150 мыңға жуық бала барады. 6,5 мыңға тарта оқушы «Қазақстан халқына» қорының, демеушілер мен кәсіподақтар есебінен, сонымен қатар «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында тынығады. Жаңадан ашылған «Ai-Ker-it» лагері 1 маусымнан бастап бала қабылдауға дайын болады, – дейді басқарма басшысының орынбасары Асхат Қанатов.

Биыл 76 млн теңге бөлініп, 7 лагерге ағымдағы жөнделу жүргізілді. Балалардың бос уақытын тиімді өткізуге, жаңа нәрсе үйреніп, қабілетін дамытуға көмектесетін таптырмас орта – үйірмелер. Осы орайда қызылордалық оқушыларға бір жыл бұрын пайдалануға берілген «Сыр жұл-

дыздары» шығармашылық және инновация академиясында барлық қолайлы жағдай жасалған. Заман

талабына сай жан-жақты дамыған, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, шығармашылық пен жаңа-

шылдыққа бейім тұлға тәрбиелеуді мақсат еткен нысан жоғары стандартқа сай жабдықталған. Қосымша білім беру орталықтарының қатары кеңейіп, 150-ден астам үйірмеде 6 мыңнан астам оқушы талабын шыңдап жүр.

– Жазғы маусымда оқушылардың демалысын тиімді әрі мазмұнды үйірмелер жұмысын жалғастырамыз. Үйірмелер ай сайынғы жоспар негізінде ұйымдастырылады. Тіркелу тәртібі, өзге де ақпараттармен әлеуметтік желідегі ресми парақшаларымыз арқылы танысуға болады. Оқушылар аптасына екі рет кестеге сәйкес түрлі бағыттағы үйірмелерге қатысады. Сабақ барысында балалардың шығармашылық, зияткерлік және танымдық қабілетін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Сабақтар еркін форматта, қызықты ойындар, тренингтер мен түрлі танымдық бағдарламаларға сәйкес ұйымдастырылады. Түрлі мәдени-танымдық шаралар, шығармашылық кештер мен интеллектуал-

дық кездесулер арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, белсенді тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік жасау басты назарда, – дейді академия директоры Жанар Бимұратқызы.

Мұнда балалар жүзеге арналған бассейн, фитнес, үстел теннисі, жекпе-жек залдарында, сурет салу, қыш құмыра жасау бөлмелерінде, медиа орталықта фото-видео монтаждау, сәндік-қолданбалы өнер мен балалар шығармашылығы шеберханаларында, дыбыс жазу студиясында, сондай-ақ робототехника және биотехнология, 3D модельдеу, КИП және автоматтандыру, спорттық робототехника, актерлік шеберлік, химия мен математика кабинеттерінде өздерін әр қырынан көрсете алады. Академия шәкірттері жыл ішінде айтарлықтай жетістікке жетіп, ұстаздарымен бірлесе атқарған тынымсыз еңбектің жарқын жемісін көрсете білді.

Назерке САНИЯЗОВА,  
«Сыр бойы»



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

15 мамыр 2026 жыл №247 Қызылорда қаласы

2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2025 жылғы 9 желтоқсандағы №199 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ: 1. «2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2025 жылғы 9 желтоқсандағы №199 шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

- 1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын.
«1. 2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджет тінінің 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2026 жылға мынадай көлемдер бөктірілсін:
1) кірістер – 605 915 646,6 мың теңге, оның ішінде: салықтық түсімдер – 40 910 118,0 мың теңге; салықтық емес түсімдер – 5 645 625,0 мың теңге; негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 50 000,0 мың теңге; арнаулы түсімдер – 4 800 294,0 мың теңге; трансферттер түсімдері – 554 509 609,6 мың теңге;
2) шығындар – 598 566 767,3 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – -14 301 280,4 мың теңге; бюджеттік кредиттер – 26 783 172,0 мың теңге; бюджеттік кредиттер өтеу – 41 084 452,4 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 2 031 351,0 мың теңге; қаржы активтері сатып алу – 2 031 351,0 мың теңге; мектептің қаржы активтері сатудан түсетін түсімдер – 0;
5) бюджет тапшылығы (профицит) – 19 618 808,7 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – -19 618 808,7 мың теңге; қарыздар түсімі – 26 783 172,0 мың теңге; қарыздарды өтеу – 50 603 588,7 мың теңге; бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтыра – 4 201 608,0 мың теңге;
5-тармақ мынадай мазмұндағы 9) тармақпен толықтырылсын: «9) спорт саласын дамыту»;
аталған шешімнің 1, 4, 5-қосымшалары осы шешімнің 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қантардан бастап қолданымға енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы М.Тлеумбетов

Қызылорда облыстық мәслихатының 2026 жылғы «15» мамырдағы № 247 шешіміне 1-қосымша

Қызылорда облыстық мәслихатының 2025 жылғы «9» желтоқсандағы № 199 шешіміне 1-қосымша

2026 жылға арналған облыстық бюджет

Table with columns: Сынағы, Сыныбы, Ішкі сыныбы, Атауы, Сомасы, мың теңге. It lists various budget items and their amounts.

Table with columns: ID, Description, Amount. It lists specific budget items and their corresponding values.

Table with columns: ID, Description, Amount. It lists specific budget items and their corresponding values.

Table with columns: ID, Description, Amount. It lists specific budget items and their corresponding values.

Қызылорда облыстық мәслихатының 2026 жылғы «15» мамырдағы № 247 шешіміне 2-қосымша

Қызылорда облыстық мәслихатының 2025 жылғы «9» желтоқсандағы № 199 шешіміне 4-қосымша

2026 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару процесінде секвестрлерге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі

Table with columns: ID, Name, Amount. It lists regional budget programs and their amounts.

Қызылорда облыстық мәслихатының 2026 жылғы «15» мамырдағы № 247 шешіміне 3-қосымша

Қызылорда облыстық мәслихатының 2025 жылғы «9» желтоқсандағы № 199 шешіміне 5-қосымша

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша бюджеттік бағдарламалар паспорттарының нысанына индикаторлары мен түпкілікті нәтижелерінің тізбесі

Table with columns: ID, Name, Amount, and various indicators. It lists budget programs with their indicators and results.

	Жергілікті атқарушы органның бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерінің мерзімінде орындауын қамтамасыз ету	100%	100%	100%
	Жүктегіш міндеттемелер мен функцияларды сапалы және уақытылы орындау мақсатында аппараты күтін-ұстау шығындары	100%	100%	100%
007	Субсидиялар			
	Нәсіналды индикатор			
	Бағалы мемлекеттік шығындары атқару	100,0%	100,0%	100,0%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100,0%	100,0%	100,0%
008	Жергілікті атқарушы органның борышы			
	Нәсіналды индикатор			
	Жергілікті атқарушы органның бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерінің мерзімінде орындауын қамтамасыз ету	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
009	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдары берілген бюджеттік кредиттер			
	Нәсіналды индикатор			
	Әлеуметтік сала және агроинженерлік кешен мамандарының, ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін кеңген ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілерінің тұрғын үй сатып алуға немесе са сыйбалдар мен өте де түріндегі әлеуметтік қолдау шараларымен қамтамасыз ету үлесі	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
010	Облыстық жергілікті атқарушы органның рәсірні			
011	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу			
	Нәсіналды индикатор			
	Жергілікті атқарушы органның бюджеттік кредиттер бойынша міндеттемелерінің мерзімінде орындауын қамтамасыз ету	100%	100%	100%
	Жергілікті бағалы төлеумен міндеттемелерін деңгейі	100%	100%	100%
012	Жергілікті атқарушы органдардың ресмибилікпен бюджеттен қарыздар бойынша сыйбалдар мен өте де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету			
	Нәсіналды индикатор			
	Жергілікті атқарушы органның бюджеттік кредиттер бойынша міндеттемелерінің мерзімінде орындауын қамтамасыз ету	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
021	Жергілікті атқарушы органның бюджеттік кредиттер бойынша міндеттемелерінің мерзімінде орындауын қамтамасыз ету			
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
022	Жергілікті атқарушы органның бюджеттік кредиттер бойынша міндеттемелерінің мерзімінде орындауын қамтамасыз ету			
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
718	Суд-соттыққа шағыртылған облыстық мемлекеттік объектілерінің үлес салмағы			
	Облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасы			
001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алу алу басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер			
	Нәсіналды индикатор			
	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алу басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
773	Облыстық жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасы			
001	Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер			
	Нәсіналды индикатор			
	Жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар			
	Нәсіналды индикатор			
	Әскери ішкіру (жыны) пунктерін қызметін қамтамасыз ету	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
004	Аумақтық қорғанысты дамыру және қорғаныс ауылдық аумақтық қорғаныс			
	Нәсіналды индикатор			
	Әскери әскерлердің әскери міндеттерін орындау үшін жасақтарды өткізу және қорғаныс бригадасын материалдық-техникалық базасын қамтамасыз ету	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	102	102	102
005	Облыстық әскерлердің жауынгерлік әлеуетін арттыру, жауынгерлік және жұмылдыру дайындығын қолдау, азаматтық қорғаныс жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру			
	Нәсіналды индикатор			
	Облыстық аумақтық және жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
006	Облыстық аумақтық және жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру			
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	58,5%	60,9%	63,4%
007	Қоғамдық денсаулық сақтау және ауруына қарсы іс-шаралар өткізу			
	Мұз жазу жұмыстары	100%	100%	100%
	Су тасқынының алдын алу үшін, қайтар сатып алу, бірлік	53 806	53 806	53 806
	Төтенше жағдайлар алдын алу мақсатында	100%	100%	100%
287	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар азаматтық қорғаныс саласындағы үлкенілетін органдардың аумақтық органы			
	Аумақтық органы және ведомстволық басқарманы мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	100%	100%	100%
	Нәсіналды индикатор			
	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар қарсы іс-қимыл жөніндегі өңірлердің әлеуетін нығайту деңгейі	60,0%	61,9%	75,6%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	10%	25%	50%
008	Өңірлердің ағартулық-сауаттық және ығмыл жұмыстары арналарын бірінші кезектегі материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз ету			
	Нәсіналды индикатор			
	Облыс аумағындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	74,3%	81,3%	88,5%
	Нәсіналды индикатор			
	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар қарсы іс-қимыл жөніндегі өңірлердің әлеуетін нығайту деңгейі	60,0%	61,9%	75,6%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	33,7%	47%	60,4%
252	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын ауылдардың істері арналары			
	Облыс аумағындағы жоғары тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	100%	100%	100%
	Нәсіналды индикатор			
	10 мың тұрғын шақпақтарды құрық бұзудың деңгейі	60%	57%	55%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары			
	Нәсіналды индикатор			
	Ішкі істер органдарының жаракаттау материалдық-техникалық қамтамасыз ету	50,1%	57,6%	64,6%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	50,1%	57,6%	64,6%
774	Қауіпсіздік және техникалық қорғаныс қамтамасыз ету			
	Қауіпсіздік және техникалық қорғаныс қамтамасыз ету	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
001	Қауіпсіздік және техникалық қорғаныс қамтамасыз ету			
	Қауіпсіздік және техникалық қорғаныс қамтамасыз ету	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары			
	Нәсіналды индикатор			
	Пробация есебінде тұрған адамдардың қолдауын қамтамасыз ету	100%	100%	100%
261	Облыстық білім басқармасы			
001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер			
	Нәсіналды индикатор			

	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
003	Арнаулы білім берген оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру			
	Нәсіналды индикатор			
	Арнаулы білім беру	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
004	Білім беру оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беруді іске асыру және дамыту бойынша толық қамтамасыз ету			
	Мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттау	100%	100%	100%
	Нәсіналды индикатор			
	Мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы 297 мектепке білім беру жүйесін 100% қамтамасыз ету	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
005	Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендерін сатып алу және жеткізу			
	Нәсіналды индикатор			
	Білім беру ұйымдары үшін оқулықтары, оқу-әдістемелік кешендерін сатып алу және жеткізу	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
007	Облыстық аудандық (қалалық) ауқымдарындағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларын және конкурстар өткізу			
	Нәсіналды индикатор			
	Мектептен тыс іс-шаралар	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
008	Облыстық ауылдық (қалалық) ауқымдарындағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларын және конкурстар өткізу			
	Нәсіналды индикатор			
	Мектептен тыс іс-шаралар	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
009	Облыстық ауылдық (қалалық) ауқымдарындағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларын және конкурстар өткізу			
	Нәсіналды индикатор			
	Мектептен тыс іс-шаралар	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
010	Облыстық ауылдық (қалалық) ауқымдарындағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларын және конкурстар өткізу			
	Нәсіналды индикатор			
	Мектептен тыс іс-шаралар	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
011	Облыстық ауылдық (қалалық) ауқымдарындағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларын және конкурстар өткізу			
	Нәсіналды индикатор			
	Мектептен тыс іс-шаралар	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
012	Облыстық ауылдық (қалалық) ауқымдарындағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларын және конкурстар өткізу			
	Нәсіналды индикатор			
	Мектептен тыс іс-шаралар	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
015	Облыстық ауылдық (қалалық) ауқымдарындағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларын және конкурстар өткізу			
	Нәсіналды индикатор			
	Мектептен тыс іс-шаралар	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
016	Облыстық ауылдық (қалалық) ауқымдарындағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларын және конкурстар өткізу			
	Нәсіналды индикатор			
	Мектептен тыс іс-шаралар	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
021	Облыстық ауылдық (қалалық) ауқымдарындағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларын және конкурстар өткізу			
	Нәсіналды индикатор			
	Мектептен тыс іс-шаралар	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
022	Облыстық ауылдық (қалалық) ауқымдарындағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларын және конкурстар өткізу			
	Нәсіналды индикатор			
	Мектептен тыс іс-шаралар	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
025	Облыстық ауылдық (қалалық) ауқымдарындағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларын және конкурстар өткізу			
	Нәсіналды индикатор			
	Мектептен тыс іс-шаралар	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
029	Облыстық ауылдық (қалалық) ауқымдарындағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларын және конкурстар өткізу			
	Нәсіналды индикатор			
	Мектептен тыс іс-шаралар	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
037	Облыстық ауылдық (қалалық) ауқымдарындағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларын және конкурстар өткізу			
	Нәсіналды индикатор			
	Мектептен тыс іс-шаралар	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
055	Облыстық ауылдық (қалалық) ауқымдарындағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларын және конкурстар өткізу			
	Нәсіналды индикатор			
	Мектептен тыс іс-шаралар	100%	100%	100%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	90,5%	90,9%	91,3%
082	Облыстық ауылдық (қалалық) ауқымдарындағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларын және конкурстар өткізу			
	Нәсіналды индикатор			
	Мектептен тыс іс-шаралар	90,5%	90,9%	91,3%
	Жүткілікті нәтиже			
	Жүткілікті нәтиже	100%	100%	100%
083	Облыстық ауылдық (қалалық) ауқымдарындағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларын және конкурстар өткізу			
	Нәсіналды индикатор			



# ДӘУІР ДАУСЫНДАЙ ДАРАБОЗ

Сыр өңірі тарихындағы есімі өшпес әріптермен жазылып қалған тұлғалардың бірі – аса білгір гидротехник, ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері Шаймерден Бәкіров.

Бұл кісі 1930 жылы қазіргі Шиелі ауданының Тұрсынбай датқа ауылында өмірге келген. Сонау, өткен ғасырдың басында жаңа өкімет орнап, ақ жалау мен қызыл жалаудың қайсысын жамылуды білмей адасқан жұрт ақырында жоғарыға қарай үдере көшкен. Сол көш легінде Омар әулеті де бар еді. Кейін біраз жұрт өкімет колхозға мүше болғандарды кешіреді екен деп қайтып келді. Солардың бірі Омар баласы Бәкір болса, кешірім деген өкіметтің оны молда екен деп соттап, жер аударды. Сонан соң кеңеске қауіпті емес екен деп қайта шығарып, ол кісі мұнан соң «Қоғалы» колхозында еңбек етті.

Сол дүрбелең уақыттың төлтумасы Шаймерден жасынан бейнет көрді. Бірақ, өте алғур, көкірек көзі ашық, ерекше бала болып жетілді. Ауыл мектебін аяқтап, Қызылорда гидро-мелиоративтік техникумында оқыды. 1949 жылы осы оқуын бітіріп, жиырма жасында Қазалы аудандық су шаруашылығы бөлімінің менгерушісі болып тағайындалды.

1951 жылы Ташкент ауыл шаруашылығын ирригациялау және механизациялау институтына түсіп, оны үздік бітірген жас маман 1954-1958 жылдары Шиелі аудандық суландыру жүйесінің бас инженері, сосын бастығы болып қызмет атқарды.

Осы кезеңде ол ұзындығы жүз шақырымнан асатын «Шиелі-Телікөл» каналының қазылуына тікелей бастамашы болды. 1962-1966 жылдары Қызылорда облыстық партия комитеті бөлім менгерушісінің орынбасары, бөлім бастығы қызметін атқарды.

Қызылорда облысында суармалы егістікке жарайтын 280 мың гектар жер болған. 1960 жылға дейін мемлекетке 600 мың пұт қана астық беріп келген. Бірақ мүмкіндігі 20 миллион пұтқа жетеді.

Үкімет осындай талап қойды. Бұл жерде «Бәке», «Сәке» жүрмейді. Өйткені, олар Үкімет талабын орындай алмайды, оны орындайтын білікті, білімді маман. Осындай заман талабы бес қаруы сай сарбаз секілді білігі де, білімі де мықты Шаймерденнің қызмет сатысымен көтерілуіне жол ашты.

1966 жылы Шаймерден Бәкіров Жаңақорған аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып бекітілді. Отыз алты жасында аудан басқарған бұл өңірдегі алғашқы азамат осы кісі болды. Сол кезеңде тұрғанда ол өзінің кәсіби мамандығына сай, азаматтық тұлғасына лайық болмысымен танылды, халықты ауқымды шараларды шешуге ұтымды ұйымдастыра алатыны айқын көрінді.

Бұл жылдары ауданда мал шаруашылығы ғана мандып тұрды, егіске есік ашқан Шаймерден Бәкіров еді дегеніміз дұрыс.

Жаңа басшы күрші шаруашылығын көтермесе өрлеу жоқ екенін анық түсінді. Оның жалғыз жолы – Түгіскен түрпі.

Міне, осылайша Жаңақорған жерінде жаңа арналар – Келінтөбе, Түгіскен каналдары қазылып, «Келінтөбе», «Түгіскен», «Қожақент», «Өзгент», «Задария» совхоздары ашылды. 36500 гектар жер тегістелді, күрші егісі 2700 гектардан 13500 гектар көлемге жеткізілді. Соның нәтижесінде 1966-1970 жылдары аудан мемлекетке 628,0 мың тонна астық тапсырды.

Осы кездердегі жасы үшінші мүшелге енді



кіретін Шаймерденнің халықпен тіл табысуы, сөзін тыңдата білуі танданғанды.

«Задария» совхозына директор тағайындау керек болғанда аудан басшысы бұрын мал шаруашылығын басқарған Әбдіғаппар Нұртазаевты ұсынады. Жұрт оған қарсы болады. «Қойдың жайын білгенмен, күрші жайын біле ме» деседі. «Директор күршінен ғана емес, адаммен жұмыс істеуі керек» депті сонда бірінші хатшы Ш.Бәкіров.

Ауыл халқы кейін осы сөздің ақиқатына көз жеткізіп, Әбдіғаппарға зор алғысын білдірген екен.

Жаңақорғандағы жаңадан ашылған шаруашылықтарға маман жұмысшылар саны қажет еді. Бұл мәселені бірінші хатшы қалай шешті? Мысалы «Келінтөбеге» Өзбекстаннан 130 отбасын көшіріп алып келді.

Бұл тәуелсіздік алған кешегі кезең емес. Жоғары жаққа жайланып қалған жұрт жақсы тұрмысын оған тастап кете салған жоқ. Оларды үгіттеу, көндіру де күшке түсті. Осы кезеде «Қожақентке» өзімен бірге отыз үйді Түркіменстаннан Тәшім Отарбаев көшіріп әкелді. Сол қызметін ескерген бірінші хатшы Бәкіров оны совхоздағы онжылдық мектепке директор етіп тағайындады. Бұған да ауыл адамдары қарсы пікір білдірсе керек, сонда Шәкең: «Отыз үйге сөзі жүрген адам бір мектепті басқара алады» деп әлгілердің сөзіне нүкте қойыпты.

Ол кісінің осылайша адам танытындығы, маман таңдағанда оның адал болмысын есепке алатыны елге жағалы, айналасындағылар әділдігін сөзсіз мойындайды. Өйткені, Шаймерденнің өзі де «түзу жолмен жүр, біреудің ақысын алма, адал бол» деген әке ақылмен өскен еді.

Шаймерден Бәкірұлы 1970-1979 жылдары облыстық Халық депутаттары Кеңесі атқару комитетінің төрағасы болды. Сегіз жарым жыл бойы осы қызметте болды, атқару комитетін ең ұзақ басқарған осы кісі екен. Себебі, ол облыс халқының әлеуметтік-экономикалық өсіп-өркендеуіне өзгеше реңкте үлес қосқан басшы болды.

Мына бір оқиға еске түседі. Сол жетпісінші жылдары Қызылордаға Қазақстан компартиясының бірінші хатшысы Дінмұхаммед Қонаев келеді. Шаруашылықты көреді, жиын өтеді. Ал мәртебелі мейманды әуешайға шығарып саларда Дінмұхаммед облыстың бірінші басшысын емес,

облатком төрағасы Шаймерденді шақырып алып, өз көлігіне отырғызады.

Дәл осы ұрымтал мезетте ол кісі дарияның сол жағалауындағы Айдарлы совхозы мен Шиелінің Жуантөбе ауылының арасын жалғайтын күрежол салу мәселесін көтеріп, болашақ осы өңірден тағы бірнеше шаруашылық ашуға болатынын айтады.

Сол бастамамен ұзындығы елу шақырымнан аса жол төсеніші үйіліп, кейін асфальтталды. Бүгінде бұл жолдың қызметін халық тұтынып отыр.

«Көпір салып, су жүргізген немесе жол салған адам мұнымен жүз мыңдаған адамға жақсылық жасайды. Осы инфрақұрылымды пайдаланған әрбір адамның алғысы мен дұғасы сол істің иесіне жазылып, оның жәннатқа кіруіне үлкен себеп болады» деген мағынадағы хадистер бар.

Біз әңгімелеп отырған Шаймерден Бәкіров Сыр аймағындағы су жүйелерін алақанының күртғысындай білген. Көпір де, жол да салған, арна да қазған адам. Сондай сауапты істердің тікелей бастамашысы, үйлестірушісі болған игі жақсының мәңгілік мекені жұмақ болғай.

1979-1993 жылдарда ол кісі республика Мелиорация және су шаруашылығы министрінің орынбасары, «Қазгипроводхоз» институты бөлімінің бас маманы, ғылыми қызметкері болып жұмыс атқарды.

Шаймерден Бәкірұлы бұл кезеңде тәжірибелі саяси басшы, жердің, судың, құрылыстың, қаржы саясатының білікті маманы ретінде елге танылды. Парткенестік қызметі мен шаруашылықты тиімді басқару жұмысын ғылыммен байланыстырды.

Шаруашылықты тиянақты зерттеу еңбектері мен тұжырымдау негізінде «Күрші өңдеу мен мелиорацияның экономикалық тиімділігін арттырудың жолдары» тақырыбында диссертация жазып, экономика ғылымдарының кандидаты дәрежесін қорғады.

Шаймерден Бәкіров СОКП-ның және Қазақстан Компартиясының бірнеше съездерінің делегаты болды. Орталық партия комитетінің мүшелігіне, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің екі кезең депутаттығына сайланды.

Үш рет «Еңбек Қызыл Ту» және «Күрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальмен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамоталарымен марапатталды. «Жаңақорған ауданның құрметті азаматы» атағына ие болды.

Сыр елінің біртуар ұлы 1998 жылы өмірден өтті.

Адал жары Гүлжамал Ахметқызы екеуі елу жыл отасып, алты перзент өрбіген бақытты шаңырақ шырағын жақты. Бүгінде сол ұл-қыздардың төртеуі төрт тағандай әулет беделін жоғары ұстап келеді. Гүлжахан – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, академик. Хадиса – қаржыгер, Сәуле – дәрігер, Мұратбек – кәсіпкер.

Шаймерден ағаның туған қарындасы Гүлшара кейде ағасын сағынып: «Ерін іздейтін елі бар, бірақ жоқтаушысы біз ғой» дейді. Апаидың өзі – ҚР Денсаулық сақтау саласының үздігі. Марқұм өмірлік жолдасы Аманхан Сәдуақасов та елімізге еңбегі сіңген дәрігер еді.

Гүлшара апаидың әңгімесін тыңдасақ, бір дәуірдің даусын естиміз. Шындығында да біз – Шаймерден секілді дара туған тұлғалар жасап кеткен игіліктердің иесіміз.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,  
«Сыр бойы»

## Төлеген Айышұлы ХАСАНОВ



Мамыр айының 28 жұлдызында 80 жасқа қараған шағында қазақтың ардақты ұлы, мұнай-газ саласының білікті маманы Төлеген Айышұлы Хасанов өмірден өтті.

Төлеген Айышұлы 1947 жылғы 28 ақпанда қазіргі Атырау облысының Балықшы ауданына қарасты Еркінқала ауылында дүниеге келген. Уфа мұнай институтын тәмамдағаннан кейін еңбек жолын өндірісте бастады. Әр жылдары Манғыстау өңірінде, Қызылорда қаласындағы «Южнефтегаз» АҚ-да бас инженер, кейін бірінші вице-президент қызметтерін атқарды. 1995 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Мұнай-газ өнеркәсібі министрінің орынбасары, «Мұнайгаз» мемлекеттік холдинг компаниясының президенті болды. 1997 жылдан бастап «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясында вице-президент қызметін атқарып, кейін «Тенгiш-шевройл» ЖШС дирекциясында кеңесші болып еңбек етті.

Төлеген Айышұлының өнегелі өмір жолы, ел игілігі жолындағы елеулі еңбегі мен азаматтық болмысы өзімен бірге қызмет еткен әріптестерінің және кейінгі буын мұнайшылардың жадында ұзақ уақыт сақталады.

«ҚОР Мұнай Компаниясы» АҚ ардақты мұнайшы Төлеген Айышұлы Хасановтың дүниеден озуына байланысты оның отбасы мен туған-туыстарына, жақындарына, әріптестері мен барша мұнай-газ саласының мамандарына қайғыра көңіл айтады. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын.

«ҚОР Мұнай Компаниясы» АҚ

## ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Қонысбаев Галымжан Амангелдыұлы атына Қызылорда облысының Ішкі Істер департаментінен 03.09.2019 жылы берілген №3447 (№ 00321 сериясы) зейнеткерлік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

/// 31 МАМЫР – САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

# АТАМЫЗБЕН ҚАУЫШҚАНДАЙ БОЛДЫҚ

Айқожа бабаның ұрпағы болып келетін атамыз Тәжідін Жақыпұлының жаппай репрессияның құрбаны болғанын іштей түйсінгенімізбен ақиқатты жария етуге өзгені былай қойғанда, өз перзенттерінің жүрегі дауалаған емес. Себебі түсінікті. Кеңес үкіметі өздері «халық жауы» атандырып жауапқа тартқан тұлғаларды түп-тұқиянымен құртып жіберуге әрекет жасап бақты. Бас амандығының өзін олжа көрген жақсының ұрпақтары осы қамалды бұзып өтіп, репрессия құрбандарын жаппай ақтау жөніндегі Жарлықтан кейін шындыққа қол жеткізгенін айтуға тиіспіз.

1934 жылы туған Хайрулла алты, інісі Құрматулла екі жасқа толғанда НКВД ұйымының құпия қызметкері болып қызмет істейтін әкелері Тәжідін күдікті ретінде қамаққа алынады. Ол қамалған күні серіктері Тәжідіннің әйелі Күнәшуды екі баласымен Тәшкен асырып жіберуге тырысады. Өйткені оның бала-шағасын да тұтқындап, АЛЖИР-ге жіберу жөнінде шешім болған екен. Әжеміз Күнәшудың айтуынша, Тәшкеннің базарына келіп, қайда барарын білмей қайғы шеккен екі балалы анаға сол жерде бір жамағайынның әйелі кездесіп қалып, үйіне апарып, амалдап тіршілік еткен екен. Күйеуімен содан кейін көріспеген. Рысқұловпен, Қожановпен байланысы болған деген айыппен тұтқындалған оның жай-күйін сұрамақ түгілі, екі баласының тегін жасырып, үреймен күн өткізген әжеміз осы қорқынышынан көз жұмғанша арыла алмай кетті. Ол кісінің кейін Жаңақорған топшырағына оралып, ұрпағының осында көкпест-көгегері жайына келсек, нағашысы, Ұлы Отан соғысына қатысқан жауынгер Тұрсынқожа Шалағұлы майданнан аман-есен елге оралған соң анасы оны бір күн де аялдап Ташкентке жіберіп, сондағы қызы Күнәшуды екі баласымен алып келуді тапсырған екен. Сөйтін біздің әжеміз сол нағашысының арқасында ауылға аман-есен жетіп, сексен жастан асып тұмыр кешті. Өлпештеп жетілдірген ұлдары Хайрулла мен Құрматуллаекеуі халықшаруашылығы саласында басшылық қызметтерде болды. Хайрулладан тоғыз перзент өсіп-өнді. Құрматулладан (Үрмәт-тулла) он екі ұл-қыз Түркістан облы-



сында өркен жайып отыр. Біздің анамыз Бибайым Сәдуақасқызы аудандық баспаханада әріп теруші, одан соң тұтынушылар кооперациясында көп жыл жұмыс жасады. Өмірге ұрпақ әкеліп, берекелі тұмыр кешкенімен баяғыда көзден ғайып болған, тым болмаса бейнесін де көз алдына елестете алмайтын әкеге деген сағынышы іште тұншыққан қос ұлан бір рет іздеу салып, әке атын ашық айта алмаған күйі өздері де өмірден өтіп кетті.

Белгілі дін өкілінің ұрпағы болғаны үшін жазықсыз қуғынға ұшыраған Айқожа ишанның немересі Тәжідін Жақыпұлының өмір тарихы былай өрледі. Ол 1897 жылы қазіргі Жаңақорған ауданы Кандөз ауылы Абызтөбе елді мекенінде дүниеге келген. 1933-1937 жылдары ауылдық кеңестің басқарушысы болған. 1940 жылдың 22 тамызына дейін сол кездегі Оңтүстік Қазақстан облысы Киров ауданы Қызыл ту совхозында басқарма болып жұмыс істейді. Басқарма болып

жолдаймын» деп барлық құжаттың көшірмесін жіберген екен.

Айыптау қорытындысымен танысқанымызда онда орыс тілінде былай деп жазылған: «Мен, Оңтүстік Қазақстан облысы НКВД екінші бөлімі жедел қызметкері – Мемлекеттік қауіпсіздік қызметінің сержанты Айдаров келіп түскен қылмыстық істі қарап отырып, 1897 жылы туған, ұлты қазақ, ешқандай партия құрамында жоқ, СССР азаматы, саяси сауатты, отбасылы, үлкен ишанның ұлы, Оңтүстік Қазақстан облысы Киров ауданы Қызыл ту колхозының басқармасы Жакыпов Тәжідіннің қылмыстық ісін қарап отырып, таптым: Жакыпов Тәжідінге РСФСР Қылмыстық Кодексі бойынша тағылған айып контрреволюциялық ұйымға қатысқан, колхозда дұшпандық әрекеттерге барған, НКВД органы құпия қызметінде бола тұра советке қарсы панисламдық әрекеттерге қолдау көрсеткен, кеңеске қарсы топтарды ұйымдастырып, елді мекендерде қарулы көтеріліске кадр жасақтаумен айналысқан. 1933 жылы антикеңестік қозғалысқа қатысушы ретінде айыпталып, өзге қатысушылармен бірге 1933 жылы 28 декабрьде тұтқынға алынды. Мерзімін өтеп болмай 1934 жылы 1 тамызда Карлаг лагерінен қашқан. Бостандықта жүргенде тергеу амалдарына кедергі келтіріп, өзінің антисоветтік пиғылын іске асыруы мүмкін, сондықтан РСФСР заңнамасының 145, 158-баптарына сүйеніп отырып шешім етемін: Тергеу амалдарынан және сот істерінен жалтарғаны үшін Жакыпов Тәжідінді қамауға алу туралы айыпталушыға үкім шығарылсын. Үкімнің көшірмесі прокурорға және түрме бастығына жолданып, айыпкердің жеке іс парағына қоса тігілсін» делінген. Осы құжаттармен қоса өздері айыпталушы деп тапқан Жакыпов Тәжідіннің тура және бір қырынан түсірілген фотосын қоса жолдапты. Өзіміз көргеніміз атамыздың шын бейнесі – фотосуретіне қарап

отырып біз үшін аяулы тұлға қайта тіріліп келгендей қатты толқидық. Өттен, осы күнді әкелеріміз көре алмай кетті-ау. Деректің біліп, тым болмаса жансыз бейнесіне көңіл қойып, көз қанықтырып, іштегі шерінен мысқалдай болса да жеңілдеп қалған болар ма еді деп өкініште қалдық.

Осы құжаттарға қосымша атамызға қатысты №02686 архив-қылмыстық ісі бойынша анықтама жолданыпты. Онда Тәжідін Жакыпов туралы деректер мен айыптау қорытындысы түгел келтіріліп, НКВД-ның 1941 жылғы 21 майдағы үкімімен Жакыпов Тәжідіннің 8 жылға 1940 жылғы 28 тамыздан бастап есептегенде еңбекпен түзеу лагеріне айыбын өтеуге сотталғаны жазылған. Архив анықтамасында «1989 жыл 31 мамырдағы Шымкент облыстық прокуратурасының қорытындысымен Жакыпов Тәжідін 1989 жыл 16 қаңтардағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының «Әділдікті қалпына келтіру және 30-40 жылдар және 50-і жылдар басында саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды ақтау» Жарлығына орай толық ақталды» деген құжат қоса қолымызға тиді. Төбеміз көкке жеткендей болды. Ерте ме, кеш пе, әділдіктің туатын күні болады екен.

1941 жылы маусымда екінші дүниежүзілік соғыс басталғаны белгілі. 1942 жылы Күнсұлу апамызға жазған хатында «Мен соғысқа аттанып барамын. Балаларды сақта. Лажы болса, төркіңге жет» деген ерінің аманаты орындалыпты. Ал асыл жанның өзі содан хабар-ошарсыз кеткен. Мына қолымыздағы құжаттар негізінде өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанды. Елім деп өткен, келешек теңдігі, ұлт тағдыры жолында жанкешті талабынан таңбаған азамат аты бүгінде ардақты. Атамыз Жакыпұлы Тәжідінге кент орталығында қойылған құрмет билборды осыны айқтап тұр.

Бақдәулет ТӘЖІДІНОВ

## /// ФУТБОЛ



## «ҚАЙСАР» ӨЗ АЛАҒЫНДА ЕСЕ ЖІБЕРДІ

Қызылордадағы «Қайсар Арена» стадионында Қазақстан Премьер-лигасының 12-туры аясында жергілікті «Қайсар» мен Семейлік «Елімай» командасы өзара кездесті. Тартысқа толы өткен матчта қонақтар 3:2 есебімен жеңіске жетті.

Кездесу басталысымен-ақ Семейлік футболшылар өздерінің фаворит екендігін байқатып, шабуылға ден қойды. Нәтижесінде ойынның төртінші минутында Роман Муртазаев қорғаныс қателігін тиімді пайдаланып, есеп ашты.

Алайда қызылордалықтар тез арада ес жия білді. Матчтың 11-минутында алаң иелерінің шабуылы сәтті аяқталып, Никола Цуцкич баспен гол соғып, таразы басын теңестірді. Осыдан кейін ойын біраз уақыт тең дәрежеде өрбіді.

Екінші таймда қонақтар тағы да шабуыл қарқынын күшейтті. Матчтың шешуші сәттерінің бірінде «Елімайдың» шабуылшысы Меме Плакка Фессу жылдамдығын тиімді пайдаланып, қарсылас қорғаушыларынан сығылып кетіп, командасын қайтадан алға шығарды. Көп ұзамай Семейліктер пенальтиден де мергендік танытты. Айбар Жаксылыков 11 метрлік айып добын дәл орындап, есеп айырмасын екі голға жеткізді.

Қызылордалықтар матч соңына дейін күрескенімен, тек

қосымша уақыттың 94-минутында ғана қарымта қайтара алды. Нигериялық шабуылшы Имо Эзекиль қарсылас қақпасынан сапылау тауып, есепті қысқартты. Қалған уақытта алаң иелеріне таразы басын теңестіруге мүмкіндік жетпеді. Осылайша, тартысты өткен кездесуде «Қайсар» өз алаңында «Елімайға» 2:3 есебімен жол берді.

Матчты тамашалауға облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев арнайы келіп, жергілікті командаға қолдау білдірді.

12-тур қорытындысы бойынша «Қайсар» Қазақстан Премьер-лигасының турнирлік кестесінде 10 ұпаймен 12-орында қалып отыр. Алда қызылордалық ұжым 14 маусым күні ақтаулық «Каспиймен» ойнайды. Кездесу «Қайсар Аренада» өтеді. Сыр жанкүйерлері бұл матчта командадан жеңісті ойын күтіп, турнирлік жағдайын жақсартатын маңызды үш ұпайға сенім артып отыр.

Бағлан АМАНЖОЛ,  
«Сыр бойы»

## /// САПАР

## ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ РУХЫ ЕУРОПА ТӨРІНДЕ

Сыр өңірі өнер шеберлерінің Еуропадағы гастрольдік сапары аясында Люксембург Ұлы Герцогтігінде Қызылорда облыстық филармониясының концертті өтті. «Shalyağ Fest Luxembourg» мәдени бастамасы шеңберінде ұйымдастырылған кеште қазақ халқының бай музыкалық және фольклорлық мұрасы көрермен назарына ұсынылды.

Мәдени іс-шара Қазақстан Республикасының Бельгия Корольдігі мен Люксембург Ұлы Герцогтігіндегі елшілігі, облыс әкімі Мұрат Нәлқожаұлының және ERG қолдауымен ұйымдастырылды.

Өнер сапары осыдан бірнеше ай бұрын Нұрлыбек Машбекұлының бастамасымен жоспарланып, қаражаты шешілген болатын.

Концертке Люксембургтің мемлекеттік мекемелерінің өкілдері, дипломатиялық корпус мүшелері, кәсіпкерлер, мәдениет саласының қызметкерлері, сондай-ақ осы елде тұратын қазақстандықтар мен студент жастар қатысты.



Кеште Қазақстанның Люксембургтегі елшісі Роман Василенко құттықтау сөз сөйлеп, мәдениет пен өнердің халықтарды жақындастыратын маңызды рухани құндылық екенін атап өтті. Сонымен қатар мұндай бастамалар мемлекеттер арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтып, ха-

лықтардың бір-бірінің тарихы мен дәстүрін тереңірек тануына ықпал ететінін жеткізді.

Мәдениет саласының үздігі Әзіза Іздіқұлова режиссерлік еткен концерттік бағдарламада Сыр өңірінің бай музыкалық мұрасы кеңінен насихатталып, ұлттық фольклор, күй өнері мен жыраулық дәстүр көрермен на-

зарына ұсынылды. Өнерпаздар орындауындағы шығармалар арқылы Ұлы даланың рухы мен қазақ халқының мәдени ерекшелігі шетелдік көрерменге кеңінен таныстырылды.

Кеш қорытындысында өнерпаздар «Атамекен» әнін орындап, қазақ мәдени кешінің әсерлі финалына айналдырды.

## /// ТҰСАУКЕСЕР

## ЕҢБЕГІ АДАЛ, ЕСІМІ АҒЫЗ

Ұлттық қауіпсіздік қызметінің жаңа топполковнигі Ғани Сихымовтың «Наш тренер» атты деректі-ғұмырнамалық кітабының тұсауы кесіліп, оқырманға жол тартты.

Жаңа туындыда Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, «Парасат», «Күрмет» ордендерінің иегері Вилорий Викторович Пактың онегелі өмірі мен қажырлы еңбегі баяндалған. Деректі хикаятта спорт саңлағының ғұмырбаяны ғана емес, үлкен спорттағы ірі жеңістер мен сәтті оқиғалар туралы айтылып, жаттықтырушының жанкешті еңбегі шыншай патриотизм үлгісі деп бағаланады. Сондықтан бұл кітап тек спорт саласына қызығушылар емес, жалпы оқырман үшін де тартымды екені сөзсіз.

Атап айтқанда, жаңа туындыда Олимпиада ойындарының, Әлем және Азия чемпионаттарының жеңімпаздарын баптап шығарып, отандық спорттың дамуына өлшеусіз үлес қосқан Вилорий Пактың тұлғалық болмысы бірегей архивтік деректер мен шәкірттерінің шыншай жазбалары және жеңісті сәттердің сипаттамалары арқау болған.

— Бұл кітап — өз ісіне адал, Отан намысын бөрінен биік қойған ұлы ұстаза деген құрмет. Вилорий Пактың өмір жолы — бүгінгі жас буын



мен болашақ чемпиондар үшін ерекше үлгі әрі сарқылмас жігер, — дейді кітап авторы Ғани Сихымов. Сондай-ақ ол кітаптың жарыққа шығуына қолдау көрсеткен Қазақстандағы корейлер ассоциациясына және спорт саласының ардагері Ю.Цхайға алғысын білдірді.

Айта кетейік, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Вилорий Пак — ауыр атлетикадан төрт дүркін Әлем чемпионы Илья Ильин, Азия чемпионы Олег Шин, Азия чемпионатының екі мәрте жеңімпазы Роман Рувиновский, Әлем чемпионатының қола жүлдегері Қуаныш Рахатов сияқты ел намысын қорғаған спорт саңлақтарының ұстазы. Жалпы 60 спорт шебері, 12 халықаралық спорт шебері және 1 Еңбек сіңірген спорт шебері дайындаған.

Мәдени-танымдық мәні зор іс-шараға спорт саласының дамуына өлшеусіз үлес қосқан құрметті ардагерлер, Юрий Ким, Абылай Жалдыбаев, Николай Некрасов, Салық Мұстафаев және халықаралық аренада жеңіс тұғырынан көрініп, мемлекеттік туды көтерген Олимпиада чемпиондары қатысты.

Кітап кейіпкері, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Вилорий Пак сөз алып, автор мен келген қонақтарға алғыс білдіріп, жүрежарды жылы лебізін жолдады.

«Жаңа туынды отандық спорт тарихы мен өскелең ұрпақ тәрбиесіне қосылған құнды қазына» деп баға берді жанынға қатысушылар.

Ғазиза ӘБІЛДА,  
«Сыр бойы»

## Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы»,  
«Қызылординские  
вести», «Ақмешіт  
апталығы», «Ақмешіт  
жастары» және аудандық  
басылымдарға жарнама  
орналастырғыңыз келсе:  
70-00-52 телефоны  
арқылы байланысуға  
болады.



E-mail: sm-jarnama@yandex.kz



«ҚазТрансОйл» АҚ Қызылорда облысының аумағында «Құмкөл-Қарақойын» магистральды мұнай құбырлары, ТОВЖ байланыс желілері салынғанын, олар шақырымдық бағандармен және ескерту белгілермен белгіленгенін ескертеді.

ҚР-ның «Магистральдық құбыр туралы» Заңына және Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелеріне сәйкес, келесі күзет аймақтары белгіленеді:

1) Мұнайды тасымалдайтын магистральды мұнай құбыры трассасы бойында — құбыр осының әрбір жағынан 50 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерде магистральдық құбырдың күзет аймағы құбыр осының әрбір жағынан 25 метр жерден өтетін шартты сызықтармен шектеледі;

2) бір техникалық дәлізде төселген көп желілі құбырлардың трассалары бойында — шеткі құбырлардың осытарынан 1) тармақшамен қарастырылған қашықтықтарда шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде;

3) суасты өткелдері бойында — өткелдердің шеткі желілері осытарының әрбір жағынан 100 метрге кейін қалатын қатар жазықтықтар арасында орналасқан су бетінен түбіне дейінгі су кеңістігі учаскесі түрінде;

4) өнімді авариялық шығаруға арналған жер қамбалары төңірегінде — аталған объектілер аумақтары шекарасынан барлық жаққа 50 метрге кейін қалатын тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде;

5) бас және аралық айдау және құю сорғы станциялары, резервуар паркттері, компрессорлық және газ тарату станциялары, өнім өлшеу тораптары, құю және қотару эстакадалары, газды жерасты сақтау станциялары, мұнайды, мұнай өнімдерін қыздыру пункттері төңірегінде — аталған объектілер аумақтарының шекараларынан барлық жаққа 100 метрге кейін қалатын, тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде орнатылады;

6) орманы жоқ учаскелерде елді-мекендерден тыс орналасқан жерасты кәбілдік және әуе байланыс желісі мен радиофикация — жерасты кабель трассасы немесе шеткі әуе желілері сымдарының әрбір жағынан кемінде 2 метр қашықтықта орналасқан тікелей параллельмен белгіленетін осы желілері бойымен жер учаскелері түрінде.

ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚУБЫРЛАР» СӘЙКЕС МҰНАЙ ҚУБЫРЫНЫҢ ОСІНЕН 150 МЕТРГЕ ДЕЙІН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІ БЕЛГІ-ЛЕНЕДІ. ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ЕРЕЖЕЛЕР ЖЫНТЫҒЫМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІНДЕ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚУБЫРҒА ЖАТПАЙТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ОБЪЕКТТЕРДІ САЛУҒА ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ

## ЕСКЕРТУ

### ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:

Құбырлардың күзетілетін аймақтарында құбырлардың қалыпты пайдаланылуына немесе олардың бұзылуына әсер ететін түрлі әрекеттерді жасауға тыйым салынады, соның ішінде:

• тану белгілерін, бақылау-өлшеу пункттерін ауыстыруға, үюге және сындыруға;

• кабель желілерінің қызмет көрсетпейтін құшеуіту пункттерінің қақпақтарын, қақпақтарын және өскертін, желілік арматураның торап қоршауларын, катодты және дренажды қорғау стансаларын, желілік және қарау құдықтары мен басқа желілік құрылыстарды ашуға, қрандар мен ысырмаларды ашып, жабуға, байланыс, энергиямен қамтамасыз ету және құбыр телемеханикасы құралдарын өшпруге;

• түрлі қосық орындарын жасауға, қышқылар, тұздар мен сілтілердің ертіндерін тоғуту;

• жаға бекету имараттарын, су өткізу құрылыстарын, құбырларды, байланыс желілерін бұзудан, ал жақын аумақ пен айналадағы жерді апаттық қиылу мен тасымалданатын өнімнен қорғайтын жер және өзге имараттарды (құрылыстарды) бұзуду;

• әзірлерді суға тастауға, суға тасталған әзірлермен, тізбектермен, сүйретелермен және тракторлармен өтуге, тереңдетіп қазу мен жерге бағыру жұмыстарын жүргізуге;

• от жағуға немесе ашық немесе жабық от көздерін орналастыруға.

Магистральды мұнай құбырларының күзетілетін аймақтарында «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің жазбаша рұқсатымен:

• «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналасу жерін, құрылыс жүргізу, жайластыру және пайдалану тәртібін келісетін магистральдық құбырдың және оның күзетілетін аймағы трассасының өткелдерін, топырақ жолдарын немесе өзге уақытша немесе тұрақты көлік қиылыстарын орналастыруға;

• бас өсіруге және ағаш өсіруге, сонымен қатар жұрттылатын тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын қыр ауыл шаруашылық дақылдарды өсіруге бағытталған агротехникалық жұмыстардан басқа, «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келісімізбен қандай да бір жұмыстарды орындауға;

• магистральды құбырларға қызмет көрсетуге және оның физикалық қорғанысын қамтамасыз етуге арналған «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналастырылған жолдары қалпына келтіруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайлардан басқа осы жолдар бойынша магистральды құбырларда өрте қарсы және күзет қызметтерін орындайтын қызметкерлердің қозғалысына келерді жасауға;

• кез келген құрылыстар мен имараттарды салуға;

• автомобиль көлік құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;

• мелиоративті жер жұмыстарын жүргізуге, жер суаратын және құрғататын жүйелерді салуға;

### ХАЛЫҚТЫҢ КӘСПОРЫНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАРДЫҢ, ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

• «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келіспей тау, құрылыс, жинақтау және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, топырақты тегістеуге;

• ұңғымалардың, шурфтардың құрылыстарымен және топырақ (жер қыртысының үлгілерін басқа) сынамаларын алумен байланысты геологиялық түсіру, геологиялық барлау, іздеу, геологиялық және басқа іздеу жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында құрылыс нормаларымен және ережелерімен белгіленген минималды қашықтықтарда магистральды құбырларға жатпайтын кез келген объектілердің құрылысына тыйым салынады.

Магистральды құбырлардың күзет аймақтарында кез келген жұмыстар мен әрекеттерді орындау қажет болған жағдайда, Кәсіпорындар, Ұйымдар және Азаматтар:

• «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінен «Магистральды құбырлардың күзетілетін аймақтарында жұмыстар жүргізуге» жазбаша рұқсат алуға міндетті. Жұмыстарды жүргізуге рұқсат жұмыстарды жүргізетін адамда жұмыс істеп тұрған құбырлар көрсетілген жолауға құжаттамасы бар болған жағдайда ғана берілуі мүмкін.

• кем дегенде 5 тәулік бұрын «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшесінің өкілін жұмыстарды жүргізу орнына шақыруға;

• құбырлардың және тану белгілерінің сақталуын қамтамасыз ететін ережелерді сақтап, жұмыстарды орындауға міндетті.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелері ҚР «Магистральдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелері, сондай-ақ «Күзетілетін аймақта жұмыстарды жүргізуге арналған рұқсатта» көрсетілген талаптар бұзылып, орындалған жұмыстарды тоқтатып қоюға құқылы.

ҚР «Магистральдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелері және ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «Магистральды құбырлар» жергілікті билік пен басқару органдарымен, сондай-ақ басқа да Кәсіпорындармен, ұйымдармен (меншік түріне қатыссыз) және құбырлар өтетін аумақта жұмыстар немесе қандайда бір әрекеттер жүргізетін азаматтармен орындау үшін міндетті болып табылады.

Заң, Кодекс, Ережелер мен ҚР ҚЕ талаптарын бұзушылықтарға кінәлі лауазымды тұлғалар мен азаматтар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.

Жоғарыда айтылған барлық мәселелер бойынша мына мекенжайға хабарлау қажет:

«ҚазТрансОйл» АҚ Жезқазған мұнай құбыры басқармасы

100600, Жезқазған қ., Ескі әуежай ауд., Тел: 8 (7172) 55-52-55 – №5 техникалық учаскесінің БДБ диспетчері; 8(7102) 770-255 – «Құмкөл» БМАС ауысымының бастығы-кезекші; 8 (7102) 770-241 – Жезқазған МКБ бастығының қабылдау бөлмесі.

www.facebook.com/syrboiy.kz/



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
Марат АРАЛБАЕВ  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)  
БАС РЕДАКТОР  
Қуат ШАРАБИДИНОВ  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияландырған газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АҚ» - ақылы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.  
Газет редакцияның жұмыс орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарлауға болады.